

**"Шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету баждары туралы
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы № 1036
қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1685 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1598 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1598 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Баспасөз релизі

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету баждары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы № 1036 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 38, 533-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін мұнайдан жасалған тауарларға кедендік баж ставкаларын есептеу ережесі мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Осы Ереженің 7-тармағына сәйкес жүргізілген кедендік әкету бажы ставкасының көлемін есептеу нәтижесі үтірден кейін екінші таңбаға дейін математикалық түрде дөңгелектенеді.»;

2) көрсетілген қаулыға қосымшада: «СЭҚ ТН бойынша тауардың жіктеуіші» деген бағандағы «2709 00 900» деген сандар «2709 00 900 6» деген сандармен ауыстырылсын;

«Баж ставкасы (1000 кг үшін доллармен)» деген баған мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Баж ставкасы (1 тонна үшін доллармен)

	4	0
	1 6 4	, 9 7
	1 0 9	, 9 8
	1 0 9	, 9 8
	1 0 9	, 9 8 » .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық Комитетінің

Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін

3. Осы қаулының 1-тармағы 2) тармақшасының 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін екінші абзацын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК